

Қала әкімінің Кубогын қостанайлықтар еншіледі

16 желтоқсан Тәуелсіздіктің төл мерекесіне орай Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында Арқалық қаласы әкімінің Кубогы үшін кезекті жайдарман ойыны болып өтті.

Жайдарман ойыны – қазіргі таңда жастар арасында өзіндік орнын тауып үлгерді. Елімізде жайдарман ойынының басты мақсаты: жастарды ұйымшылдыққа, бірлікке шақыру болып табылады. Ойын қаламызда алғаш рет облыстық деңгейде Арқалық қаласы әкімдігі, Ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен, «Іскер-жастар» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілді. Аталмыш ойынға Қостанай, Рудный, Арқалық қалалары мен Торғай өңірлерінен барлығы 10 команда қатысты. Атап айтсақ: «Торғай облысы», «Парламент», «SportFak», «Бес саусақ», «Құрдастар», «Ұландар», «Сарыарқа», «Депутат», «Сөз жетпес» және «Ақи-

қз» командалары. Ойынға төрелік етуші, әділ қазылар қатарында: Арқалық қаласы әкімдігі Ішкі саясат бөлімінің бастығы М. Айтмағамбетова, Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы А. Сейтжанқызы, Арқалық қаласы әкімінің көмекшісі Т. Ғабдрахманов, қосымша білім беру орталығының директоры З. Латыпова, «Арқалық хабары» газетінің бас редакторы Қ. Есмағанбетов болды.

Ойын қызықты да тартымды өтті. Зал көрермендерге лық толы болып, ине шапшырлық жер болмады. «Айтпаса сөздің атасы әледі» – демекші, ойын барысында «әттеген-ай» дейтін тұстар да табылды. Кейбір командалардың дайындықтары төмен болғаны тайға таңба басқандай анық байқалды. Нақтырақ айтқанда, сахна мәдениеті мен әртістік шеберлік жағы ақсап тұрды. Сонымен қатар, көрермендер тарапынан сұрақ қойылып жатқан сәтте, жастар сахнада тұрып, суретке түсіп, қойылған сұрақтардың көбісін жауапсыз қалды-



рып, немқұрайлық танытты. Аталған келеңсіздіктерді келесіде ұйымдастырушылар тарапы ескерсе деген тілек бар.

Жайдарман ойының нәтижесінде Рудный қаласының «Бес саусақ» командасы 3 орынға, Арқалық қаласының тек қыздардан құралған «Ақиқз» командасы 2 орынға, Қостанай қаласынан келген «Сөз жетпес» командасы 1

орынға ие болды. Көптен күткен Арқалық қаласы әкімінің Кубогын, Қостанай қаласының «Құрдастар» командасы жеңіп алды. Ойын барысында өзінің тапқырлығымен, әртістік шеберлігімен ерекше көзге түскен Жәнібек Жалғасов «Ең үздік жайдарманшы» атты Алтын хатпен марапатталды.

Асылайым БЕКМҰРАТ

Әнімен тербеп туған елін

Адамзат тарихында бір гана еңбегімен есімі жатталып қалатын азаматтар көп. Кемел композитор Эжен Потье көптеген шығарманың авторы екенін біріміз білсек, біріміз білмейміз. Ал оның «Интернационалын» күні кешеге дейін жер шарының тең жартысы шырқады.

Халқымыздың аяулы азаматы, қазақтың аса көрнекті композиторы, жерлесіміз Әбілахат Еспаев ұрпаққа, еліне қалдырған 250-ден аса әндерімен қазақ ортасында уақытында танымалы ма?

Кешегі, қарашаның 25-і күні мерейлі 90 жасқа толып жатқан – өнер несі, халқымыздың ән өнеріне айшақтық із қалдырған, шығармалары бабалар үнімен жалғасып жатқан композитор – Әбілахат Еспаев жайлы №2 ОБФК, Өнер бөлімінде «Әнімен тербеп туған еліміз» тақырыбында ән кеші өтті.

Композитордың шығармашылығына тоқталсақ: мектепте оқып жүргенде ән шығара бастаған. Бала жасынан музыкаға қабілетті болған. Әндерін халық жақсы қабылдаған. Сосын Әбілахат аға мектеп қабырғасында жүргенде орыстың маңсауып аспабында жақсы ойнаған. Әскери училищенде оқып жүргенде жазған лекцияға арналған дәптерлері әлі сақталған екен. Сол дәптерлердің бір беті лекция болса, екінші беті – ноталар, романстар! Яғни қайда жүрсе де музыкаға, әнге, әуенге құмар болған. Әбілахат Еспаев вокалдық музыка жазырында ән-романс, баллада, хорға арналған шығармаларды көп жазған. Композитордың «Маржан қыз», «Әлі есімде», «Сағыныш екен бала көз», «Жайық қызы», «Ақ сәуле», «Бейбітшілік сақталады», «Торғай толғауы», «Устазым», «Қайласыңдар, достарым», «Қазақстан жолшыарды», тағы да басқа 250-ден астам әндері маңсауып тыңдаушыларының жүрегінде жатталып қалған сәтті туындалар!



малары жастарға насихатталды. «Қазына» әрдагерлер ансамблінің күміс көмегі әншілері Ақторта Әбілованың басымен сүйемелдеп өз орындауындағы «Әлі есімде», (сөзі-Н.Әлімқұлов); иінші - Набира Осажанованың орындауында «Қайласыңдар, достарым», (сөзі-Қ.Ыдырысов); музыкалты Тоқтар Әбілхасеновтың орындауында «Устазым менің, ұстазым» (сөзі-А.Шамкенов); домбырамен орындаған Зайра Сығайеваның «Сағыныш екен бала көз», (сөзі-О.Дубақіров); «Ақ сәулем», (сөзі-Қ.Аманжолов) әндері тыңдаушылар көңілінен шықты. Кеш соңында композитор Әбілахат Еспаевтың ән-хорға арнап жазған «Қазақстан шаңшуы» (сөзі Е.Қайырбеков) және «Бейбітшілік сақталады» (сөзі-Н.Шакенов) әндерін Ақторта Әбілованың баян аспабында сүйемелдеуінде хормен орындады.

Композитор драмалық шығармаларға да музыка жазған. Бейбітбет Майлиннің «Шұта», Қасым Аманжолоқтың «Досымның үйленуі», Әбділә Тәжібаевтың «Той», Нел Байзақовтың «Ақ бөке» поэмасы бойынша құйылған спектаклдерге әуен жазған, және көрермен, көпшілік көңілінен шыққан. Әбілахат Еспаевтың «Әндер», «Ақ сәулем», «Той», «Жайық қызы» тағы да басқа 250-ден астам әндері маңсауып тыңдаушыларының жүрегінде жатталып қалған сәтті туындалар!

палырдан жарық көрген. Өнер бөлімінде 1979 жыллы «Жалын» баспасынан шыққан «Күрдәстәр», 2008 жыллы «Өнер» баспасынан шыққан «Устазым менің, ұстазым» ән жинақтары оқырмандарға насихатталды. 2014 жылдың 4-ші номеріне жарияланған Фариза Дәулеттің Әбілахат Еспаевтың қызы Гүлсім Еспаевамен сұхбатында айтылғандай: Әбілахат Еспаев қазақтың бір туар марқасқалары Нұрғиса Плендиннен, қазақтың балыс королі Шәмші Қалдаяқовпен жақын дос болған деседі. Аяулы достарының «достары» жайлы айтқан ой-пікірлерінде:

Қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі, Халық Қазарманы, композитор, шебер орындаушы, дирижер Нұрғиса Атабайұлы Плендин екі сөзінің бірінде: «Мен жалаң ақ бала болып, домбырамды қолға алып кешкеде ойнап жүрген жерімнен Әбілахат ағаға жолығып, ойнаған күйлерімді тыңдап, қолымнан жетелеп ертіп, халық аспаптар оркестрінің дирижери композитор Ахмет Қуаныұлы Жұбановқа табыстатқан болатын. Мені осындай дәрежеге бірінші жетелеген ұстазым, Әбілахат ағайым», - деп отырады екен.

Шәмші Қалдаяқовтың дүркіреп тұрған шағында бір жұр-
тымыз «Әлі есімде» әнімен

композитор таласа алмайды-ау. Солай ғой, Шәке?» деген екен. Сонда Шәмші аға: «Неге олай дейсің? Елдің арасында ең атақты композитор – Әбілахат Еспаев. Өз басын Әбілахаттай ән жаса алмай жүрмін. «Король» деп жаттырсаң ғой, біле білсек, Әбілахат – саз өнерінің сұлтаны. Әнің маршала Ән жасаға, Әбілахат жасасын! Ән жасаң, Әбілахаттай жас!» - деген екен.

Өнер табиғатымен құнды Халқымыз шын асылын көздің қаршығандай сақтаған. Сондықтан композитор Әбілахат Еспаевтың әндерін біз келешек ұрпақтың рухани азығы болады деп ойлаймыз. 90 жылдығын атап өтіп жатқан ағамыз-композитор Әбілахат Еспаев бар жасы 54 жас өмір сүріп, 1980 жылдың 30 сәуірінде дүниеден озған екен. Жетімдікті, аптықты, қутындықты, соғысты, өмірдің қиындықтарын басынан кешіре жүріп ұрпағына ұмытпас әнінен мұра қалдырған жерлесіміз, композитор Әбілахат Еспаевтың 90 жылдығына арналған «Әнімен тербеп туған еліміз» ән кешін заманымыз, тынам, еліміз бай-қуатты болсын деп, композитордың «Бейбітшілік сақталады» (сөзі-Н.Шакенов) ән-хорымен аяқтадық.